

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ТУРИЗМІНІҢ ОРТАЛЫҒЫ

Білім алушылар үшін
«Киелі Маңғыстау» атты
10 экскурсиялық туристік
маршруттары





АҚТАУ - КАСПИЙ МАРЖАНЫ

А
Қ
Т
А
У

— Маңғыстау облысының орталығы (1973 – 88 жылдары және 1990 жылдан), қала, теңіз және әуе порты. Каспий теңізінің шығыс жағасында орналасқан. Қаланың шығысында 40 км жерде әйгілі Қарақия ойпаты жатыр. Маңғыстау түбегінде мұнай, газ, уран, т.б. қазба байлықтарының ашылуына байланысты іргетасы 1959 ж. қаланған. 1963 ж. оған қала мәртебесі берілді. Ақтау біраз уақыт Шевченко аталып (1964 – 91), кейіннен тарихи жер атауы қалпына келтірілді.

— еліміздегі жалғыз портты қала және әлемде тұңғыш рет теңіз суын тұщытыландыру арқылы ауыз су ретінде пайдаланып отыр.

— тұңғыш рет өндірістік жылдам нейтронды атом электростанциясы салынған шаһар.

— Қазақстандағы аққулар келетін жалғыз қала.



АҚТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ СІЗ ТАМАШАЛАЙТЫН КӨРНЕКТІ ОРЫНДАРЫ

- «Мәңгілік алау» алаңы
- Жартасты соқпақ
- Амфитеатр
- Ә.Кекілбаев атын. Маңғыстау облыстық тарихи өлке тану музейі
- «Caspian Riviera» қонақ үйінің «Аквариусы»
- Каспий теңізіне катерлі круиз
- Акватакси
- Ботаникалық бақ
- «Ақтау», «Akkala mall» ойын сауық орталықтары


Туризм түрі: танымдық экскурсия

Қатысушылар құрамы: 20-23 адам

Экскурсия құны: 1 топқа - 90 000тг

Қосымша қызметтер: автобус, гид-экскурсовод

**Ақтаудың басқа да кереметтерін
бізбен бірге тамашалаңыздар!**



ШОПАН АТА

Шопан ата – қой түлігі мен шопанның пірі. Зерттеушілердің пікірінше шамамен 13 – 14 ғасырларда өмір сүрген және Қожа Ахмет Иасауи тариқатының басшыларының бірі болған. Жалпы исламдүниесінде әрбір кәсіптің киелілігін, абыройлығын әйгілеп, ол кәсіптердің бастауында тұрған рухани ұстаз, қасиетті пірге құрмет көрсету дәстүрі бар. Сондай-ақ дәстүрлі қазақ мұсылмандығында да қазақтың ата кәсібі малшылыққа байланысты пір тұтылатын қасиетті есімдер бар. Солардың бірі Шопан ата. Ол Иасауи тариқаты дәстүрінің ұстазы ретінде тарихи тұлға болса да халық жадында шопандық кәсіптің пірі ретінде аңыздық тұлға болып сақталды.



ҚАШЫҚТЫҒЫ: 282 КМ
ТУРИЗМ ТҮРІ:
ТАНЫМДЫҚ ЭКСКУРСИЯ
ҚАТЫСУШЫЛАР
ҚҰРАМЫ: 20-23 АДАМ

БОЗЖЫРА

**БОЗЖЫРА – МАҢҒЫСТАУ
ОБЛЫСЫНЫҢ МАҢҒЫШЛАҚ
ТҮБЕГІНДЕГІ ҮСТІРТТІҢ БАТЫС
БӨЛІГІНДЕ ОРНАЛАСҚАН БОРЛЫ ТАУ.
ЖЫРАНЫ БІРНЕШЕ МИЛЛИОН ЖЫЛ
БҰРЫН ТАУ ТҮЗІЛІМДЕРІНІҢ
БҰЗЫЛУЫНАН ПАЙДА БОЛҒАН ДЕГЕН
БОЛЖАМ АЙТЫЛЫП КЕЛЕДІ.**



**МАРШРУТ БАҒЫТТАРЫ
АҚТАУ
ҚАРАҚИЯ
ЖАҢАӨЗЕН
ШОПАН АТА
БОЗЖЫРА
БЕКЕТ АТА**

БЕКЕТ АТА

Бекет-Ата жер асты мешіті Үстіртте Оғыланды манында орналасқан. Мешіт бұталармен толтырылған терең құдықты төменге бағытталған үлкен тастың ортаңғы бөлігінде орналасқан. Жер астындағы мешіттің кіреберісінде шағын алаң бар. Алғашқы бөлмеде жарық күмбезді төбеге оралған тесіктен жарық түседі. Осы бөлмеден шығыс оңтүстік қабырғасында михраб орналасқан намаз залына, сондай-ақ, оның біреуінде Бекет-ата жерленген екі оңтүстік-шығыс бөлмелерге апарады. Мешіт - Қазақстандағы қажылықтың белгілі орындарының бірі. Мешіттің жанында Бекет-атаның бұлақтары мен құдықтары бар.



ЭКСКУРСИЯ ҚҰНЫ: 190000
ҚОСЫМША ҚЫЗМЕТТЕР:
АВТОБУС
ГИД-ЭКСКУРСОВОД ҚЫЗМЕТІ



Тамшалы

Тамшалы – Тұңқараған ауданында орналасқан табиғи су көзі. Форт-Шевченко қаласынан солтүстікке қарай 35 км-дей жерде. Тамшалы – кәдімгі киіз үйге ұқсас дөңгелек кеуек үңгір. Айырмасы тек шаңырағы, уығының иінінен жоғарғы жағы жоқ. Кереге басы дерлік деңгейден кей жерінде тас қабырға шып-шып терлеп, кей жерлерінде себезгілеп, мұздай әрі мөлдір тамшы бүркіп тұрады. Үңгір табанында шағын көлшік пайда болған. Осыған орай Тамшалы аталып, ол ертеден төңірегіндегі елдің ауыз су көзіне айналған; ал көл арнасынан артылып аққан су бөгеліп, суармалы егіншілікке пайдаланылып келген. Тамшалының ерте заманнан елді мекен болғандығын сай бойында сыңсып өсіп тұрған тұт ағаштары айғақтайды. Соған қарағанда оған бағзы замандарда Ұлы Жібек жолының бір тармағы келіп жатқан секілді. Қыр басында ерте дәуір ескерткіштері (молалар) сақталған. Тамшалы – мәдени демалыс аймағы. Сай аяғында 20 ғасырдың 50-жылдарының бас кезінде таратылған балықшы ұжымшары үйлерінің қирандысы сақталған.



«Жығылған шұңқырының құпиясы» экскурсиясы

Жығылған

Жығылған жері тұңғыш, таңғажайып жазықтық. Тегіс және шексіз дала кенеттен ұзындығы 3 км-ден астам жарты ай түріндегі жыртылған жарықтармен үзіледі. Бұл табиғи орын теңіз жағасына дейін 4 км-ге созылып жатыр.

Жығылған – жарылған жаппай блоктардан, қабырғалар мен мұнаралардан тұратын, сазды-құмды жастықтың астында пайда болған үлкен геологиялық сырғымалар. Бұл жерде "жүрек" пішіндес Көздіқара көлі бар. Жартас шатқалдары, тастан жасалған пұт сияқты, айналаны күзетіп тұрғандай.



Қапамсай шатқалы

Қапамсай – түбі кремнийлі тастарға толы борлы тік жартастардан тұратын бұл сай Қапам деген аулиенің атымен аталған. Көптеген ғасырлар бұрын бұл жерде Қапам аулие тұрған. Маңғыстаулық аңыз бойынша, намаз оқып жатқанда ауыр жарақаттанған ол, дұшпандар денесін қорламасын деп, шабылған басын қолына ұстап алып биік жартастың үстіне ұшып кеткен. Үйілген тастар үйіндісінің төбесінде сопылықты таратушыларға тән жерлеу түрі – үлкен сырық қадалып тұр.

Шатқалдың түбінде тағы бір сирек кездесетін көрікті жер, күмбезін жаңбыр суы тесіп қойған үлкен тас жысырыңған. Бұл күмбез астына жиналған су осы маңдағы тұт, итмұрын ағаштарын суарып тұр.

Деректер, бір кездері сай ішімен өзен аққанын айтады. Ал оған дейін бұл жер теңіз түбі болған. Тіпті, сайды аралаған адам кезінде теңіз түбін мекендеген түрлі жәндіктердің қалдығын табуы да ғажап емес.



МАРШРУТ БАҒЫТТАРЫ

Ақтау
Ақшұқыр
Сайын Шапағатов
Форт-Шевченко
Тамшалы
Жығылған
Қапамсай

Қашықтығы: 215 км

Туризм түрі: танымдық экскурсия

Қатысушылар құрамы: 20-23 адам

Экскурсия құны: 1 топқа – 150 000тг

Қосымша қызметтер:

Автобус

Гид-экскурсовод қызметі



МАЭК - КАЗАТОМПРОМ

Маңғыстау атом энергокомбинаты (МАЭК; бұрын — Маңғышлақ энергозаводы, Маңғышлақ энергокомбинаты) — 1972-1999 жылдары жұмыс істеген. Оның құрамында — БН-350 реакторының буын пайдаланатын, тұщыту қондырғылары бар дистиллят дайындау зауыты (ЗПД), сондай-ақ Ақтау қаласына электр энергиясы мен жылу өндіретін ЖЭО-М, ЖЭО-А, ЖЭО-3 бар. Қазіргі таңда — Маңғыстау облысындағы энергиямен жабдықтаудың ірі көзі болып табылатын Қазақстанның көпбейінді энергетикалық кәсіпорны.

Электр энергиясы нарығында үстем жағдайға ие нарық субъектісі, жылу өндіру және сумен жабдықтау жөніндегі табиғи монополия субъектісі болып табылады. Мемлекеттің толық бақылауында және ФНБ «Самрук-Қазына» тобына кіреді.

ҚАРАКӨЛ

Қаракөл — бұл жасанды көл шамамен 50 жыл бұрын Маңғыстау облысының әкімшілік орталығы Ақтау қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 10-15 шақырым жерде, өзімен аттас сордың орнында пайда болды. Су қоймасы, шын мәнінде, салқындатқыш тоған болып табылады, өйткені оған «МАЭК-КазАтомПром» ЖШС жылу станцияларының энергетикалық жабдықтарын салқындату үшін пайдаланылған қыздырылған таза теңіз суы құйылады. Бұдан әрі, су ағызу арнасы арқылы Каспий теңізіне кері түседі.

Қаракөл көлінің су қабатының ауданы кәсіпорынның өндірістік қуатына тікелей байланысты және бүгінгі күні шамамен төрт мың гектарды құрайды. Су айдынының орташа тереңдігі — шамамен 1 метр, ені — 1-3 километрге дейін, ең үлкен ұзындығы — 15 километрге дейін жетеді. Көлдің теңізге қосылуы және ондағы су жылы болғандықтан, уақыт өте келе бұл жерге тірі ағзалар қоныстана бастады. Қаракөлдің алғашқы тұрғындары балдырлар, фито және зоопланктондар болды, содан кейін шаяндар, балықтар пайда болды. Біртіндеп жыл құстары да осы жерді өздерінің қоныс аударуының ежелгі жолындағы «мотель» ретінде қоныстана бастады.

ҚАРАКӨЛ — ҚҰСТАР ӘЛЕМІ



МАРШРУТ БАҒЫТТАРЫ:

Ақтау қаласы

«МАЭК-КазАтомПром» музейі

Қаракөл көлі

Теңіз жағалауында серуендеу

Қашықтығы: 20 км

Туризм түрі: танымдық экскурсия

Қатысушылар құрамы: 20-23 адам

Экскурсия құны: 1 топқа — 80000тг

Қосымша қызметтер

Автобус

Гид-экскурсовод қызметі



Қаратау қазыналары

Маршрут бағыттары:

Ақтау

Ақшұқыр

Сайын Шапағатов

Шетпе

Ақмыш демалыс орны

Шерқала тауы

Қызыл қала тарихи орны

Самал демалыс орны



Қашықтығы: 174км

Туризм түрі:

танымдық экскурсия

Қатысушылар

құрамы: 20-23 адам

Экскурсия

құны: 150000 тг

Қосымша

қызметтер:

Автобус

Гид-экскурсовод

қызметі



Шерқала тауы

Шерқала қырқасы, Шырқала қырқасы — Жем өзеннің орта бөлігінің шығысындағы бұйратты қырқа. Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы Шетпе аулының жанында. Оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай 95-100 км шамасында созылып жатыр, ені 15-20 км. Абсолюттік биіктігі 332 м (Астаусалды тауы). Төңкерілген кеседей қырқа палеоген дәуірінің әктасты, сазбалшықты жыныстарынан түзілген.



Ақмыш демалыс орны

Ақмыш – Орталық Қаратаудың солтүстігіндегі бұлақ. Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы жерінде. Қалың ши өскен жыраны бойлай ағып жатыр. Бұлақты жиектей ағаш егілген. Төменгі жағынан тоған жасалған. Ақмышта 1920 ж. уездік қаржы бөлімінің бастығы Хажы Оңғалбаевтың басшылығымен балалар үйі ашылған. Кейіннен ол Қаңғаға көшірілді. Ақмыш қазіргі саяхатшылар демалатын аялдама



ОТПАН ТАУ

Маңғыстау жерінде орналасқан Батыс Қаратаудың ең биік шыңы 530 метрге жетеді. Оны Отпан тауы деп атайды. Таудың басынан төменге көз тастасаң, бұлттармен сыр шерткен Бес шоқыны, қазақтың дархан даласын, жоталар мен қыраттарды, сарылдап ағып, күннің көзімен шағылысып жатқан бұлақтарды, шеті көрінбейтін теңізді, алыстан сағымдайтын Ақтау қаласын, тарыдай шашылып, жайылып жүрген төрт түлікті көруге болады.



АЙРАҚТЫ ТАУЫ


Айрақты, Жаманайрақты – Батыс Үстірт кемерінің қиыр солтүстік-батысы және Өліқолтық сорының түйіскен жеріндегі тау. Абсолюттік биіктігі 148 м. 1931 жылға дейін өзімен аттас айлақ және елді мекен болған. Қазан төңкерісіне дейін Айрақтыдан Қоңырат қаласына (Қарақалпақстан) дейін тұрақты сауда керуені қатынап тұрған. Қазақстандағы ірі ас тұзы және мирабилит тұздарының қоры ретінде белгілі.[1]



МАРШРУТ БАҒЫТТАРЫ

Ақтау
Ақшұқыр
Сайын Шапағатов
Шетпе
С.Қондыбай музейі
Көгез этноауылы
Айрақты тауы
Отпан тау

Қашықтығы: **139** км
Туризм түрі: танымдық
экскурсия
Қатысушылар
құрамы: **20-23** адам
Экскурсия құны: **140000**
Қосымша қызметтер:
Автобус
Гид-экскурсовод қызметі





Маршрут бағыттары

Ақтау
Қарақия
Жетібай
Жаңаөзен
Қызылсай
Боқты
Қызылқұп

Қашықтығы: 260км

Туризм түрі:
танымдық экскурсия

Қатысушылар
құрамы: 20-23 адам

Экскурсия
құны 180000

Қосымша
қызметтер:
Автобус
Гид-экскурсовод
қызметі



СӘРУАРЛЫ МЕКЕН ҚЫЗЫЛҚҰП

БОҚТЫ ТАУЫ

Боқты тауының теңіз деңгейінен 165, 8 метр жоғары, Үстірт шыңының батыс бөлігінде орналасқан.

ҚЫЗЫЛҚҰП

Қызылқұп-қызыл бор қабатымен жуылған төбелерден тұрады. Маңғыстау облысындағы ең ғажайып көз тартымды жерлердің бірі.

ТАСТЫ ШАРЛАР АЛҚАБЫ



Торыш

Таушық ауылынан 15 км жерде орналасқан бұл жер аңыздар бойынша, Маңғыстау жеріне жау басып кіргенде, жергілікті тұрғындар аспанға қол жайып, көмек сұраған. Сол кезде аспаннан нөсер құйылып, күн күркіреп, найзағай жарқылдай бастайды. Бір сәтте жау әскерінің бәрі тасқа айналып кете барады. Осылайша айрықша тас мүсіндер — шар тәрізді конкрециялар шашылған алқап пайда болған екен.



Құмаққапы

11 км ге созылып жатқан бұл жер бір кездері Таушық шахтерлық кентінен теңіз жағалауына дейін табиғи автобан болып қызмет етті. Құмаққапы түрікмен тілінен аударғанда "өтпелі шатқал" (каньон) дегенді білдіреді.

Сұлуқапы

Тұщыбек елді мекеніне жақын жерде аңыздарға бай Сұлу қапы орналасқан.

Соғыс кезінде өмір сүрген адамдар, қапы жартастарының ең жұмбақ бұрыштарында жасырынған. Қазіргі уақытта бұл жерде қырандар ұялайды.



МАРШРУТ БАҒЫТТАРЫ

Ақтау – Ақшұқыр – Сайын Шапағатов – Таушық
– Торыш – Құмаққапы – Сұлуқапы

Қашықтығы: 150 км

Туризм түрі: танымдық экскурсия

Қатысушылар құрамы: 20-23 адам


Экскурсия құны: 1 топқа - 150 000тг

Қосымша қызметтер: Автобус, гид-экскурсовод



Тұзбайыр

Ғалымдардың айтуынша, бүгінгі Маңғыстау жері жүздеген миллион жыл бұрын Лавразия мен Гондвана суперконтиненттерінің арасын алып жатқан Тетис мұхитының табаны болған. Оған сол алқапта ара-тұра табыла кететін акулалардың қаңқасы мен тістері дәлел. Кейін қайтқан сулар бор куэсталарын, құздар мен ойпаттарды түзіп, жұмсақ жыныстарды шайып кеткенде ол жерде үстірт, шатқалдар мен жыралармен бірге Тұзбайыр соры да пайда болған деседі.



Тұзбайырда күннің өзі тұзды

Тұзбайыр соры – Үстірттің Батыс шыңдарынан шығысқа, ал Манат тарихи дөңінен оңтүстікке қарайғы алаңқайды алып жатыр. Жергілікті халық «Тұзбайырда күннің өзі тұзды» деп қалжыңдайтыны бекер емес, себебі ондағы шақпақ тастар мен түрлі минералдар күн сәулесін одан сайын жарқырата түсетіндей.



МАРШРУТ БАҒЫТТАРЫ

Ақтау
Қарақия
Жетібай
Шетпе
Тұзбайыр

Қашықтығы: **252 км**

Туризм түрі: танымдық
экскурсия

Қатысушылар құрамы 20-23
адам

Экскурсия құны : 170000

Қосымша қызметтер:

Автобус

Гид-экскурсовод қызметі



"Шөл даланың ғажайыптары" экскурсиясы

Шақпақтас қария Шақпақ Ата

Шақпақ Ата мешіті Х-ХІІ ғғ. жататын шақпақ тастан тұратын көркем шатқал. Қожа Ахмет Иасауидің шәкірті саналатын, Маңғыстауда құрмет тұтылатын 360 әулиенің қатарына жатады.

Шақпақ Ата деген мешіттің негізін қалаушы кісінің есімі емес, жаумен шайқас кезінде оған берілген лақап аты, себебі оның қаруынан шақпақ тас секілді от ұшатын. От табу керек болғанда Шақпақ Ата екі саусағын бір-біріне тигізсе болғаны, от жан-жаққа шашырайтын, – деген аңыз әңгімелер ел арасында тараған.



Саяхатшылар мен теңізшілердің қамқоршысы Сұлтан Үпі

Сұлтан Үпі – сай маңындағы таңғажайып құламалы шыңы, хош иісті доланасы, аппақ гүлді бұталары бар жасыл шатқал.

Шың бойымен шатқалға түсіп, бұтақты ағаштардың көлеңкесіне тығылып, Сұлтан Үпі және оның серіктестері туралы аңыздар тыңдап, демалуға болады.

Хош иісті жалбыз тоғайы үшкір тастарды жасырады. Құстардың сайрауы, әртүрлі дауыстарға құбылған дыбыстар бүкіл шатқал бойына шығады.



МАРШРУТ БАҒЫТТАРЫ

Ақтау

Ақшұқыр

Сайын Шапағатов

Таушық

Шақпақ Ата

Сұлтан Үпі



Қашықтығы: 150 км

Туризм түрі: автобустық
танымдық экскурсия

Қатысушылар құрамы: 20-23 адам

Экскурсия құны: 1 топқа 150 000 тг

Қосымша қызметтер:

Автобус

Гид-экскурсовод қызметі